



Автор: Исмаилова Гульсара Жанатовна
Предмет: Қазақ тілі
Класс: 3-сынып
Раздел: Жанды табиғат
Тема: Күз келді

Оқу мақсаты:	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; 3.2.1.1 тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау; 3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: -тыңдаған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілей біледі, мәтін мазмұны бойынша жабық сұрақтарға жауап береді; -тірек сөздер арқылы сипаттау мәтінін және оның құрылымдық бөліктерін анықтайды; -үлгі бойынша сөйлем құрамында қаратпа сөзді ажырата алады, сөйлем сызбасы негізінде тыныс белгісін қолданады. Оқушылардың көбі: -тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейді, мәтін мазмұны бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап береді; -тірек сөздер арқылы сипаттау мәтінін және оның құрылымдық бөліктерін анықтайды; -сөйлем құрамында қаратпа сөзді ажырата алады, сөйлем сызбасы негізінде тыныс белгісін қолданады. Оқушылардың кейбірі: -тыңдаған материалынан тірек сөздерді өз бетінше табады, мәтін мазмұны бойынша ашық және жабық сұрақтар құрастырады және нақты тұжырыммен жауап береді; - сипаттау мәтінін және оның құрылымдық бөліктерін анықтай алады; -сөйлем құрамында қаратпа сөзді ажырата алады және тыныс белгісін қолданады.

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Сабақтың басы (3 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларға жануарлар туралы жұмбақтар қойылады. Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. (Мысық) Қанаты бар ұшпайды, Жұрт айламен, ұстайды. (Балық) Кілемнің түріндей жүндері бар, Айбаты жан шыдамас үні бар. (Жолбарыс) Орманда жоғары Ағашқа қонады. Тұмсығын балға етіп, Тарсылдатып соғады. (Тоқылдақ) Басында көп-ақ бұтағы, Адамды көрсе зытады. (Бұғы) Тұмсығы дөңгелек, Денесі он бөлек. (Шошқа) Секіреді – Бала емес. Сақалы бар – Шал емес. (Серке) Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттары таныстырылады. Оқушыларға бағалау критерийі айтылады.	Жұмбақтар слайдтар

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p>3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; Оқушылар мәтінді («Балдырған» журналынан) тыңдайды. Мәтін мазмұнын қаншалықты түсінгендерін «Ыстық орындық» әдісі арқылы анықталады. Мәтін мазмұны талданып болған соң оқушылар тыңдалған мәтін ішінен тірек сөздерді теріп жазады. Сұрақтарға жауап береді. 1) Мәтін не туралы? 2) Қаз суда қалай сүңгиді? Белгіле (□). Неліктен? 3) Тірек сөздер _____ 3. Мәтіннен қандай ой түйдің? Дескрипторы: -тірек сөздерді анықтайды; -мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; -мәтіннің мазмұнына қатысты ойын айтады. Сергіту сәті жүргізіледі. Сергіту сәтін қыздар, ұлдар болып кезектесіп айтады. -Қаздар, қаздар! -Га -га- га! -Жем жейсіңбе? -Иә- иә- иә.- Жем жесеңдер келіңдер, -Жоқ — жоқ. -Неге? -Тауда қасқыр орнаған, Жібемейді ол саған. (Т) 3.2.1.1 тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (өңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау; Оқушылар үстел үстінен төрт жануардың түрін бейнелейтін суреттерді (құстар, жәндіктер, аңдар, бауырымен жорғалаушылар) таңдап алады. Таңдап алған суреттер бойынша төрт топқа бөлінеді. Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды: - «Қаз» мәтіні мәтіннің қай түріне жатады? - Сипаттау мәтіні екенін дәлелде? Оқушылардың назарын суретке аудартамын. Қабілеті жоғары оқушылар мұғалім орнында сурет бойынша айтып береді. Оқушылар суретке қарай отырып, өздері кез келген жануар туралы сипаттау мәтінін құрастырады. Суретке қабілетті оқушылар сол жануардың суретін салады. Белгіленген уақыттан соң топ біріге отырып, өз жұмыстарын қорғайды. Дескриптор - мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады; -мәтіннің түрін анықтайды. (Ө) 3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою. 1. Оқушыларға карточкалар беріледі. Сөйлемдерді іштей оқиды. Қаратпа сөздерді тауып, тиісті тыныс белгілерін қойып жазады. Оқушылар жазып болған соң, тексеріледі. Балмұздақ таяқшалары арқылы мұғалім тапсырманы оқытады. Оқушылар өзін-өзі бағалайды. Соңынан сұрақтар қойылады. -Қаратпа сөз дегеніміз не? -Сөйлем ішінде қаратпа сөзге сұрақ қойылады ма?</p>	Слайд https://ds02.infourok.ru/uploads/ex/0942/0007d171-6b0bc2e2/img2.jpg Слайд
Сабақтың соңы (5 минут)	Рефлексия Мұғалім тақтаға өткен материал бойынша қаншалықты меңгергендерін білу үшін «Жетістікке жету» әдісі арқылы бағалайды. Оқушылар әр сөздің тұсына өзінің есімін стикермен жапсырады. Білмеймін Білемін Түсінемін Басқаларға көмектесе аламын. Үй тапсырмасына өздері жақсы көретін бір жануар туралы сипаттау мәтінін жазып келеді.	«Жетістікке жету» сөздері, стикерлер